

"Халықаралық отбасы жылына байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы 1994 жылғы 5 қазан N 175-XII
Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Халықаралық отбасы жылына байланысты рақымшылық жасау туралы" Z945000
_ Заңның орындалуы мыналарға жүктелсін:

а) жазаның орындалуын жүргізетін органдарға - бас бостандығынан айыру
орындарындағы сотталғандарға қатысты;

б) анықтама және алдын ала тергеу жүргізу органдарына қылмыстары туралы істері
мен материалдарын осы органдар жүргізіп жатқан адамдарға қатысты;

в) соттарға:

- қылмыстары туралы істері мен материалдары соттардың қарауында жатқан және
Заң күшіне енгенге дейін қаралмаған адамдарға қатысты, сондай-ақ қылмыстары
туралы істер қаралған, бірақ үкімдер заңды күшіне енбеген адамдарға қатысты;

- Қазақ КСР Қылмыстық Кодексінің 40-бабына сәйкес шартты түрде сотталғандарға
қатысты және үкімдердің орындалуы сол Кодекстің 41-1-бабында көзделген тәртіппен
кейінге қалдырылған адамдарға қатысты;

- егер Заң күшіне енгенге дейін айыппұл өндіріліп алынбаса, негізгі жаза түрінде
айыппұл тағайындалған адамдарға қатысты (рақымшылық жасауды қолдану туралы
мәселені үкім шығарған сот шешеді);

- жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға және Заң күшіне
енгенге дейін жазаның өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңілірек жазамен ауыстырылған
адамдарға қатысты (рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені шартты түрде
мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңілірек
жазамен ауыстыру туралы ұйғарым шығарған сот шешеді).

Жазаны республика шегінен тыс жерде өтеп жүрген адамдарға қатысты ішкі істер
органдарының ұсынысы бойынша рақымшылық жасау туралы мәселені Қазақстан
Республикасының үкім шығарған соттары шешеді. Осы заңның орындалуы
халықаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады;

г) ішкі істер органдарына:

үкімдері заңды күшіне енген, бас бостандығынан айыруға сотталған, бірақ қамауға
алынбаған адамдарға қатысты;

жер аудару, жерінен айдап жіберу және бас бостандығынан айырмай түзеу
жұмыстары, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу
құқығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жүрген адамдарға қатысты;

д) тәртіптік батальондардың қолбасшылығына - тәртіптік батальонда түзетуге сотталған әскери қызметшілерге қатысты.

2. Заңды қолдану еңбекпен түзеу мекемесі бастығының жергілікті әкімдер жанындағы қадағалау комиссиясымен келісілген және прокурор рұқсат еткен қаулысы бойынша жүргізіледі. Аталған қаулыға: көтермелеу мен жазалау туралы анықтама, сотталған адамның жеке ісі және рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені шешу үшін қажетті басқа да құжаттар қоса тіркеледі.

Ішкі істер органдарының, сондай-ақ анықтама және алдын ала тергеу органдарының рақымшылық жасауды қолдану туралы қаулысын прокурор бекітеді.

Рақымшылық жасау туралы Заңды соттар қолданған кезде прокурордың қатысуы міндетті.

3. Мыналар түсіндірілсін:

а) Заңның 1 - 3 баптарының күші Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 40 және 41-1-баптары қолданыла отырып сотталған адамдарға да қолданылады;

б) 1-баптың күші 1976 жылғы "19" 10 кейін туған еркектер мен әйелдерге қолданылады;

в) 1-баптың "а" тармағының күші сотталған, бірақ еңбек пен түзеу колонияларында ұсталмаған кәмелетке толмағандарға қолданылады;

г) Заңның 1-бабының "б" тармағының күші бұрын әрі кеткенде екі рет сотталған және еңбекпен тәрбиелеу колонияларында ұсталған кәмелетке толмағандарға қолданылады.

Бұл орайда мына адамдарды бұрын еңбекпен тәрбиелеу колонияларында ұсталғандар ретінде қарауға болмайды:

бұрын бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалау шараларына сотталғандар;

Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 40-бабына сәйкес шартты түрде бас бостандығынан айыруға сотталғандар, не сол Кодекстің 41-1-бабына сәйкес үкімнің орындалуы кейінге қалдырылғандар;

үкім заңды күшіне енгенге дейін уақытша ұстау изоляторларында немесе тергеу изоляторларында болғандар;

д) 2-баптың "а" тармағының күші ата-аналық құқығынан айырылмаған және 1978 жылғы 19.10 кейін туған балалары, оның ішінде асырап алған, не қамқорлыққа алған балалары бар, не жасына қарамастан I және II топтардағы мүгедек балалары бар әйелдерге; 1994 жылғы 19.10 жүкті әйелдерге қолданылады;

е) 2-баптың "б" тармағының күші әскери немесе қызмет борышын атқару кезінде қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери қызметшілерінің, Ішкі істер министрлігі мен бұрынғы КСР Одағының тиісті құрылымдарының қатардағы және басшы құрамы адамдарының басқа тіркелген некеге тұрмаған жесірлеріне қолданылады;

ж) 2-баптың "б" тармағының күші соғыс мүгедектері мен соларға теңестірілген адамдардың әйелдеріне де қолданылады.

Соғыс мүгедектері және соларға теңестірілген адамдар да мыналарды түсіну керек:

- Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, әскери қимылдар аймағында, темір жолдардың майдан маңындағы учаскелерінде, қорғаныс шептері, әскери-теңіз базалары мен аэродромдар құрылыстарында жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану немесе сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған Ұлы Отан соғысының майдандағы армиясының әскери қызметшілері, партизандары мен астыртын қимыл жасаушылары және зейнетақымен қамсыздандыру жөнінен әскери қызметшілерге теңестірілгендер қатарындағы адамдар;

- бұрынғы КСРО Қарулы Күштерінің 1945 жылы Жапониямен соғысу барысында жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану немесе сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған әскери қызметшілері мен ерікті жалданушылары қатарындағы адамдар;

- бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, басқа кезеңдерде әскери қызметтің өзге де міндеттерін атқару кезінде алған жарақат, жарымжандық, зақым салдарынан немесе майданда болуға байланысты сырқаттану салдарынан, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өтеген кезде мүгедек болып қалған әскери қызметшілер қатарындағы адамдар;

- бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекет қауіпсіздігі органдарының басшы және қатардағы құрамның қызмет міндеттерін атқару кезінде жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызмет міндеттерін атқаруына байланысты сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған адамдар;

- басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсетуші және ұрыс қимылдарын жүргізу кезеңінде жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану не сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған тиісті санаттардың жұмысшылары мен қызметшілері.

з) 3-баптың "а" тармағының күші мыналарға қолданылады:

1. Ұлы Отан соғысына қатысушылар:

- Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағын қорғау жөніндегі басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армияның құрамына енген әскер бөлімдерінде, штабтарда және мекемелерде қызметін өтеген әскери қызметшілер, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын қимыл жасаушылары;

- КСРО Қарулы Күштері бөлімдері мен құрамаларының 1945 жылы Жапонияға қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан әскери қызметшілері мен ерікті жалданушылары;

- Ұлы Отан соғысы кезеңінде қорғанысқа қатысқан мерзімді майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне белгіленген жеңілдік шарттар бойынша зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарға есептелетін қалаларда қызметін өтеген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекет

қауіпсіздігі органдарының басшы және қатардағы құрамның адамдары;

- Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекет қауіпсіздігі органдарының ерікті түрде жалданған құрамының Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армияның құрамына енген әскер бөлімдерінде, штабтар мен мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған, не осы кезеңдерде қорғанысқа қатысқан мерзімді майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне белгіленген жеңілдік шарттар бойынша зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарға есептелетін қалаларда болған адамдар;

- Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына енген әскер бөлімдерінің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) мен юнгалар ретінде болған адамдар;

- екінші дүниежүзілік соғыс жылдары шет елдер аумағында партизан отрядтарының , астыртын қимыл жасаушы топтардың және басқа да антифашистік құрмалардың құрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы жауынгерлік қимылдарға қатысқан адамдар.

2. Соғыс мүгедегі ұғымы осы қаулының "ж" тармағында берілген.

3. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар:

- бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешіміне сәйкес басқа мемлекеттер аумағында ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басшы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса);

- оқу жиындарына шақырылған және ұрыс қимылдары кезеңінде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер;

- ұрыс қимылдары кезеңінде Ауғанстанға жүк жеткізу үшін сол елге жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;

- бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшқыштар құрамының әскери қызметшілері;

- Ауғанстандағы кеңес әскері контингентіне қызмет көрсеткен, жарақаттанған, жарымжан болған немесе зақымданған, не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілер;

- Кеңес Одағының Батырлары және Даңқ орденінің үш дәрежесімен марапатталған адамдар, Социалистік Еңбек Ерлері;

- Ұлы Отан соғысы кезеңінде бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комиссариаты арнайы құрамаларының кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен кәсіпшілік және көлік кемелері ұшу-көтеру құрамының және авиацияның ұшу-көтеру құрамының, Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының Солтүстік теңіз жолы бас басқармасы авиациясы ұшу-көтеру құрамының

ұрысқа қатысушы майдандардың тылдағы шекаралары шегіндегі, флоттардың жедел қимылдар аймақтарында майдандағы армия мен флот мүдделері үшін әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының басында басқа мемлекеттер порттарындағы бейтараптанған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері;

- концлагерьлердің, геттоның және екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер құрған басқа да еріксіз қамауда ұстау орындарының бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындары;

- Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (ерлері), сондай-ақ қаза тапқан соғысқа қатысушылардың, партизандар мен астыртын қимыл жасаушылардың, Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарында жұмыс істеген, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған, жалпы ауыру, еңбек зақымы мен басқа да себептер (құқыққа қарсы әрекеттер салдарынан мүгедек болған адамдарды қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған, басқа тіркелген некеге тұрмаған азаматтардың әйелдері (ерлері);

- Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен марапатталған азаматтар мен "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған адамдар;

- Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар;

- 1979 жылғы 1 желтоқсан мен 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да елдерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер;

- бұрынғы КСР Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстан Республикасы аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына кірмеген жұмысшылары мен қызметшілері;

Чернобыль АЭС-і апаты мен Семей ядролық полигоны жарылыстарының салдарынан зардап шеккен және мүгедек болған азаматтар.

"Ж" және "з" тармақтарына ескерту: жеңілдіктерге берілетін құқықтарды растайтын құжаттар рақымшылық жасауды қолдануға негіз болып табылады.

и) Заңның 3-бабы "б" тармағының күші 1934 жылғы 19.10 дейін туған еркектерге және 1939 жылғы 19.10. дейін туған (қоса есептегенде) әйелдерге қолданылады.

Заңның 3-бабының "б" тармағында көрсетілген жасқа толған адамдардың туған күні мен айын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, еркектерді 1935 жылғы 1 қаңтарға дейін туған деп, әйелдерді 1940 жылғы 1 қаңтарға дейін туған деп есептеу керек;

к) Заңның 3-бабы "в" тармағының күші осы Заң қабылданғанға дейін белгіленген

тәртіппен бірінші және екінші топтағы мүгедек деп танылған адамдарға (құқыққа қарсы әрекеттер салдарынан мүгедек болған адамдарды қоспағанда) қолданылады;

л) Заңның 3-бабы "г" тармағының күші ата-аналық құқықтан айырылмаған, I және II топтағы мүгедек балалары, соның ішінде 1978 жылғы 19.10 дейін туған, асырап алған не қамқорлыққа алған, ал анасының өлгені немесе оны ата-аналық құқықтан айыру дерегі тиісті құжаттармен куәландырылған балалары бар еркектерге қолданылады;

м) Заңның 4, 5, 8, 10-баптарында көзделген жаза мерзімінің бөлігін өтеу рақымшылық жасау құжаты күшіне енгізілген күннен бастап есептеледі;

н) 8-баптың күші абайсыздықтан жасаған қылмысымен қоса қасақана қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға қолданылмайды.

4. Рақымшылық қолданылатын адамдар негізгі жазадан да, егер қосымша жаза заң күшіне енгізілген күні орындалмаған болса, қосымша жазадан да босатылады.

5. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу ішкі істер органдары прокурор бекіткен рақымшылық жасау құжатын қолдану туралы қаулыны шығарған күннен бастап тоқтатылады.

6. Осы заңның күші әкімшілік жазаға тартылған, соның ішінде Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 45, 45-3-баптарында көзделген тәртіппен қылмыстық жауаптан босатыла отырып, әкімшілік жауапқа тартылған адамдарға қолданылмайды.

7. Заңның 8-11-баптарына сәйкес осы заң күшіне енгізілген күні өтелмеген жаза мерзімінің бөлігі қысқартылуға жатады.

8. Заңның 13-бабының "а" тармағында көрсетілген шектеу Қазақ КСР қылмыстық кодексінің 132, 133, 200-баптары бойынша сотталған, 1978 жылғы 19.10 кейін туған адамдарға қолданылмайды.

9. Жаза мерзімі кешірім беру немесе рақымшылық жасау тәртібімен қысқартылған адамдарға рақымшылық жасауды қолданған кезде осы құжаттармен белгіленген жаза мерзімін негізге алу керек.

10. 13-баптың "а" тармағындағы Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 200-бабының екінші бөлігі 1993 жылғы 11 қарашадан кейін сотталғандарға қатысты болады және осы Кодекстің 200-бабының үшінші бөлігі бойынша бұрын сотталған адамдарға қолданылады.

Заңның 13-бабы "г" тармағының күші 1985 жылғы 26 сәуірден кейінгі кезеңде мерзімінен бұрын кешірім жасау тәртібімен не рақымшылық жасаудың мынадай құжаттары негізінде бұрын жазадан босаған адамдарға (соттылығының өтелуіне немесе алып тасталуына қарамастан) қолданылады:

- "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы кеңес халқы Жеңісінің 40 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы" 1985 жылғы 26 сәуірдегі құжат;

- "Сотталған әйелдердің кейбір санаттарын бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы" 1986 жылғы 6 қарашадағы құжат;

- "Ұлы Қазан социалистік революциясының 70 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы" 1987 жылғы 18 маусымдағы құжат, сондай-ақ КСРО Жоғарғы Кеңесінің "Ауғанстандағы кеңес әскерлері контингентінің қылмыс жасаған бұрынғы әскери қызметшілеріне рақымшылық жасау туралы" 1989 жылғы 29 қарашадағы Қаулысы;

- "Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы" 1991 жылғы 16 ақпандағы құжат;

Кешірім беру тәртібімен немесе өздеріне жазалау мерзімінің қысқартылуына байланысты жоғарыда аталған рақымшылық жасау құжаттары негізінде босатылған сотталғандар мен бас бостандығынан айыру мерзімінің өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңілрек жазамен ауыстырылған адамдар да жазадан мерзімінен бұрын босатылғандар деп есептелуі керек.

11. Белгіленген тәртіппен маскүнемдіктен, нашақорлықтан немесе соз ауруларынан емдеу тағайындалған Заңның күші қолданылатын адамдардың материалдары Заңның орындалу кезеңінде қаралады, ал оларды босату туралы шешім тек емдеу кезеңі аяқталғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Сотталған адамның соз ауруынан емделу кезеңі аяқталды деп тану үшін медициналық қорытынды, ал маскүнемдіктен немесе нашақорлықтан еріксіз емдеуді сот тағайындаған адамдар жөнінде еріксіз емдеуді тоқтату туралы соттың ұйғарымы негіз болады.

12. Кәнігі тәртіпті бұзушылар қатарына мына адамдар жатады деп есептелсін:

а) жазаны өтеу кезінде белгіленген тәртіп пен реттілікті ұдайы бұзушылар.

Сотталған адамның жазаны өтеу кезінде жасаған әрекеттері үшін кемінде үш рет жазаға тартылуы тәртіп пен реттілікті ұдайы бұзушылық деп түсіндіріледі. Бұл орайда, егер сотталған адам жазаға тартылған күннен бастап бір жыл ішінде жаңадан жаза алмаса немесе көтермелеу ретінде жазасы алынып тасталса, ол жазасы жоқ адам деп танылады;

б) бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеу, сондай-ақ жер аудару, жерінен айдау кезінде қасақана қылмыс жасаған адамдар;

в) еңбекпен түзеу колонияларының басқа түрлеріне жіберіліп, қоныс-колонияларда ұсталатын сотталғандар, егер еңбекпен түзеу мекемесіне жіберу туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін олар рақымшылық жасауды қолдану туралы материалдар қаралатын күнге қарай қамауда алты ай аз уақыт болса. Мерзім сотталған адам қамауға алынған күннен бастап есептеледі;

г) Қазақ КСР қылмыстық кодексінің 40-бабына сәйкес шартты түрде сотталғандар, егер олар сынақ мерзімі кезеңінде жаңадан қасақана қылмыс жасаса немесе Қылмыстық кодекстің тап сол бабында көзделген негіздерде тағайындалған үкім бойынша жазасын өтеуге жіберілсе, егер сот үкім немесе ұйғарым шығарған кезден

бастап алты айдан кем уақыт өтсе;

д) Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 41-1-бабындағы тәртіппен үкімнің орындалуы кейінге қалдырылғандар жөнінде, егер олар үкімді кейінге қалдыру кезеңінде жаңадан қасақана қылмыс жасаса немесе Қылмыстық кодекстің тап сол бабында көзделген негіздерде тағайындалған үкім бойынша бас бостандығынан айыру мерзімін өтеу үшін жіберілсе, егер рақымшылық жасауды қолдану туралы материалдар қаралатын күнге қарай қамауда алты айдан кем болса;

е) бас бостандығынан айырмай түзеу жұмыстарына сотталғандар, егер олар жазасын толық өтегенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаса немесе жазаны өтеуден қасақана жалтарғаны үшін олардың түзеу жұмыстарының өтелмеген мерзімін сот бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен ауыстырса, егер олар рақымшылық жасауды қолдану туралы материалдар қаралатын күнге қарай қамауда алты айдан кем болса.

13. Рақымшылық жасау құжатын қолданған кезде заңда белгіленген тәртіппен абайсыздықтан жасаған қылмысы үшін бұрын сотталғандардың алынып тасталған немесе өтелген соттылықтары, сондай-ақ Қазақ КСР Қылмыстық кодексінен алып тасталған қылмыстар үшін соттылықтар ескерілмейді.

14. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеп жүрген соттарды, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағының Қазақ КСР аумағында жасалған қылмыстар үшін адамдарды соттаған әскери трибуналдарын Қазақстан Республикасының соттары деп есептеу керек.

15. Егер рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселе осы Заң күшіне енгізілген күннен бастап алты ай мерзім өткеннен кейін туындайтын реттерде, ол осы қаулының 1-тармағында көзделген тәртіппен орындалады.

16. Облыстық, қалалық және аудандық әкімшіліктер:

а) рақымшылық жасау бойынша жазадан босатылған адамдарды жұмысқа

орналастыруға;

б) рақымшылық жасау бойынша жазадан босатылған және паналата алатын туыстары мен жақындары жоқ мүгедектер мен қартайған адамдарды орналастыруға;

в) осы Заңның негізінде жазадан босатылған кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыруға, ал қажет болған жағдайда оларды балалар үйлеріне, интернат-үйлерге, кәсіптік-техникалық училищелерге орналастыруға көмек көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК